

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу әдістері» атты оқыту семинары

2025 жылдың 29 қазанында мектепте инклюзивті білім беруді ұйымдастыруға арналған мұғалімдерге арналған оқыту семинары өтті. Инклюзивті білім беруді әдістемелік сүйемелдеу жөніндегі координатор Воротникава Е.С. инклюзивті білім берудің мәні, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу әдістері, сондай-ақ баланың даму ерекшеліктеріне сай бейімделген және жеке оқу бағдарламаларын құрастыру жолдары туралы кеңінен түсіндірді.

Сонымен қатар, ерекше балалардың білімін бағалау мәселелері және оларды оқу-тәрбие үдерісіне тиімді тарту жолдары талқыланды. Семинар қорытындысында координатор мұғалімдердің қызығушылық танытқан сұрақтарына жауап беріп, бірқатар әдістемелік ұсынымдар берді.

